

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2024 жыл 1 апта Орта топ «Құлыншақ»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 30.09.2024ж	Сейсенбі 01.10.2024ж	Сәрсенбі 02.10.2024ж	Бейсенбі 03.10.2024ж	Жұма 04.10.2024ж
Балалардың қиындауы <i>қараша ойыны</i>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуы - балалардың оң мінез-құлық қабілеттерін қалыптастыру. <i>Күй әуенін қосу.Күй күмбірі</i>	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. <i>Күй әуенін қосу.Күй күмбірі</i>	Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. <i>Күй әуенін қосу.</i>	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. <i>Күй әуенін қосу.Күй күмбірі</i>	Достар әнімен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. <i>Күй әуенін қосу.Күй күмбірі</i>
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтынын жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ата отыр кәріміз, Қуат берер дәріміз, Әулиедей аялап Ардақтаймыз бәріміз.Үлкенге құрмет,бір тұтас тәрбие	Әжем өрнек тереді, Оймақ сарақ оюлап. Басы ауыра береді, Шай ішпесе қоюлап.көркем әдебиет, бір тұтас тәрбие	«Ою - өрнектер» құрастыру. Шарты: Төрт бөлікке бөлінген оюдан бүтіндей ою шығару керек. Ол үшін тапсырманы орындау керек. <i>Бір тұтас тәрбие</i>	«ТЖ кезіндегі әрекеттер: мектепке дейінгі жас»қауіпсіздік ережелерімен таныстыру <i>Қауіпсіздік іс әрекеті</i>	Батады,батпайды» Балалар доп суға неге батпады? Балалар: өйткені доп жеңіл. Тәрбиеші: кәне допты алып барлығымыз суға салып көрейік. Ал балалар мынау не? Тас, тас қандай? Қатты, ауыр. Тасты суға салайық. Тас не істеді суға батып кетті, өйткені тас ауыр. <i>Экологиялық тәрбие</i>
Танертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту Сөйлеуді дамыту.	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Көркем әдебиет	Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Қоршаған ортамен таныстыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу Құрастыру	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Сурет салу
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.	Музыка Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету;	Дене шынықтыру Қолға және нық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар-қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау.	Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге үйрету	Дене шынықтыру Допты бір-біріне беру, аяқты өзіне қарай тарту, доға тәрізді дөңгелектеп иу, Отырған, жатқан қалыпта екі аяқты созу, түрегеліп тұрған қалыптан солға, оңға, алға қарай еңкею. Отырып, аяқтың ішкі қырымен құм салынған қапшықты алу, екі аяғымен секіру.
	«Күзгі жапырақтарды жинау» ойыны Қоршаған ортамен таныстыру Экологиялық мәдениет Балалармен күз байлықтары жеміс – жидектер туралы	«Ерекшелігін тап» ойыны Шарты: Тәрбиеші тақырып бойынша тапсырманы қалай орындайтыны туралы нұсқау беріп, өзі де	Күз мезгілі жайлы видео көрсету, сұрақтар қою. Сөйлеуді дамыту Экологиялық мәдениет Жапырақтарды салыстыру Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды	Күз туралы тақпақ жаттату, мнемокесте арқылы Көркем әдебиет Күзгі бақтағы еңбек туралы әңгімелеу. Сөйлеуді дамыту д/о: "Сюжетті сурет арқылы әңгіме құрастыр" Сұрақ - жауап	Бүркіт Жақыповтың «Күз сыйы» өлеңін жаттаймыз. Өлеңді жаттау оңай болу үшін мнемокестені қолданамыз Көркем әдебиет Экологиялық мәдениет

	біледі. Пазлдардан құрастырады. Құрастыру «Әдемі алма» Дөңгелек пішіннен алманың суретін салып, өз қалаулары бойынша бояйды. Балалар түрлі түсті қарындаштарды қолданып, өздері салып бояйды. Сурет салу «Күзгі ағаштар»: Екі карама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады. Ағаштардың суреттерін ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады. Математика негіздері	ойынға қатысады. Суреттерге байланысты сұрақтар қойып, балаларауа райының жағдайын анықтап, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылайды. ағаштар туралы айтып, сұрақтарға жауап беріп, көрсетеді. Қоршаған ортамен танысу «Қызыл алма» (заттық мүсіндеу) Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, шпирату тәсілдерін пайдаланады Мүсіндеу	салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру. Математика негіздері Жапырақтың суретін салу, ақ қағазға жабыстыру, және жапырақтардан пазл құрастыру Жапсыру, сурет салу, құрастыру	алу арқылы суреттерді әңгімелей отырып байланыстыра сойлеуге үйрету. Балалар жылдың қаншы мезгілі бар? Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Неге қазір күз мезгілі деп ойлайсыңдар? Күз мезгілінде неше ай бар, атап беріндерші? Күз ерекшелігі қандай? Қоршаған ортамен танысу -Балалар, бүгін мен сендерге "Алтын жапырақ" атты өте қызықты ертегі алып келдім. Көркем әдебиет Балаларды екі топқа бөлу: Балаларға дәстүрден тыс әдістермен жапырақ бейнесін жасауды түсіндіру Жапсыру, сурет салу	Дидактикалық ойын: «Үлкен – кіші» Мақсаты: Көлемі бойынша (үлкен – кіші) заттарды салыстыру. Жемістер мен көкенистерді көлеміне қарай салыстыру білігін дамыту (үлкен – кішкентай), заттарды осындай белгілеріне қарай топтау; заттарды табуға деген ынтасын тәрбиелеу. Шарты: Үлкен – кіші суреттерді сызық арқылы қосуды тапсырады Математика негіздері.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Күзгі көріністі	Күзгі көріністі	Қимылдық ойын:	Еңбек: Ойын алаңы.	Күзгі жапырақтарды

	бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.	бақылау. Мақсаты: Ағаштарға, ағаш жапырақтарына назар аударту. Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.	«Жүгіріп өтуге үлгер». Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа , батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету.	Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету.	бақылау. күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Сарғайған жапырақтарды жинау.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Сен жасыр, біз табамыз» балалар көзін жұмып отырады. Бір ойыншы шығып жеміс, көкөністердің мүляждары салынған табақтан біреуін алып, артына жасырады. Ойыншы сол жемісті, көкөністің атын айтпай сипаттайды. Жасырған жемісті, көкөністі дұрыс тапқан бала ойынды	Дидактикалық ойын: «Не қайда тұр?» Кеңістік ұғымдарын қалыптастыру (сол жақ, оң жақ, ортасында), сөйлегенде осы терминдерді дұрыс қолдануға баулу. Сол жаққа қарай орналасқан және оң жаққа қарай орналасқан жемістерді табу,	Дидактикалық ойын: «Киіндіреміз» Киім туралы түсінік беру, жыл мезгілдерінің өзгерістеріне байланысты киімдерді сараптай білуді үйрету; Маусымдық өзгерістеріне сәйкес киімдерді таңдау дағдыларын қалыптастыру; Жыл мезгілдеріне байланысты карточкаларды пайдаланып, қай киімді	Дидактикалық ойын: «Жеміс бағына саяхат» Жемістер туралы білімдерін естеріне түсіріп, жемістер бакта өсетіндіктерін бақта бақ деген сөздерге сөздік жұмысын жүргізу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту; Өсімдіктерге сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Шарты: Бақтағы ағаш суретіне жемістерді атай отырып орналастыру.	«Жемістер алма, алмұрт» Дайын пішіндерді қағаз бетіне жабыстырады. Жапсыру Дидактикалық ойын: «Артында – алдында» Мақсаты: Заттардың өзіне тікелей жақын кеңістікте орналасқан бағытын ажырату (алдында – артында) түсініктерін қалыптастыру;

	жалғастырады. Сөйлеуді дамыту	атау Математика негіздері	қай мезгілге сәйкес кию керектігін айтады Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру.	Сөйлеуді дамыту	
Балалармен жеке жұмыс	 тең және тең емес заттар тобын салыстырып ажыратуға машықтандыру.	 бір- бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету.	 өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру.	 тұратын қаласы мен ауылы туралы айтуға үйрету.	 тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылығын үйрету.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. (Жеке балаларға)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы өңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Сәтті демалыс тілеу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2024 жыл 2 апта Орта «Құлыншақ» тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.10.2024ж	Сейсенбі 08.10.2024ж	Сәрсенбі 09.10.2024ж	Бейсенбі 10.10.2024ж	Жұма 11.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Көңілді смайликтермен қарсы алу Күй сүйемелдеуі, күй күмбірі	Күйдің сүйемелдеуімен қарсы алу Күй сүйемелдеуі, күй күмбірі	Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Күй сүйемелдеуі, күй күмбірі	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу Күй сүйемелдеуі, күй күмбірі	Көңілді күн әнімен қарсы алу Күй сүйемелдеуі, күй күмбірі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың топтағы көңіл-күйі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Хан талапай ойыны» Жіліктен шыққан сүйек, Ойнаймыз біз шертіп. Бәрімізге таңсық Аты оның – асық. бір тұтас тәрбие	Қазақтың сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын атауға үйрету. Ұлттық ою-өрнек элементтерін пайдаланып, сырманың үстіне оюды жиектеп бастырып бояу. бір тұтас тәрбие	Қол жуу кезіндегі қауіпсіздік жайлы әңгіме, қауіпсіздік әрекеті	Жеңіл Мақал мәтелдер жаттату, мағынасын түсіндіру, бір тұтас тәрбие	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Жас метеоролог» экологиялық бағытта танымдық жобаға дайындық Бір тұтас тәрбие, экологиялық мәдениет
Танертенгі жаттығу	Қазан айына арналған танертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран орындау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Құрастыру	Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Сөйлеуді дамыту	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Мүсіндеу	Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру	«Жолдағы жағдайлар» ойыны (балалар мен ата-аналар слайдтағы жағдаяттарды қарастырып, жол ережесін бұзу бар ма, жоқ па деп жауап береді). Сөйлеуді дамыту, қауіпсіздік іс әрекеті
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	Дене шынықтыру Белгілі бір тапсырмаларды	Музыка Дыбыстаудың бірыңғай күшімен	Дене шынықтыру Белгілі бір тапсырмаларды орындау	Қазақ тілі Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты,	Дене шынықтыру Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары

	орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру.	бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету	арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап жүгіру.	сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту	қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру, тұрған жерінен ұзындыққа секіру.
	Құстар сөйлей ала ма? Олар қалай сөйлеседі? Олар қалай тамақтанады? Олар қайда өмір сүреді? Балалардың ойларын тыңдау. (көркем әдебиет) Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. такпақтарды жатқа айту(сөйлеуді дамыту)	Үй құстар мен дала құстары туралы фильм тамашалу. Суреттер қарау. Әңгімелеу. (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен құстардың суретін салу, ермексаздан ұжымдық жұмыс арқылы бейнесін жасау және геометриялық пішіндер арқылы жапсыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту арқылы құстың бейнесін құрастыру (құрастыру) Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету (көркем әдебиет)	Сурет бойынша құстар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. Құстардың үйшіктерін биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі үйшіктерді салыстыру (математика негіздері)	Құстардың ән салғанын тыңдау. Дыбысына қарай қай құс екенін анықтау. Орманда ма әлде қалада өмір сүреді ма зерттеу. Қала мен орманның айырмашылықтарын білу(қоршаған ортамен танысу) Экологиялық мәдениет Балаларды такпақтар мен өлендерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. (көркем әдебиет)

Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау. Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативті, әлеуметтік қызмет) Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды жинату. Мақсаты: еңбекке баулу. (еңбек әрекеті) Көркем сөз: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық. Шуылдайды тал	Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылауға үйрету. Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, түстерін айтқызу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері-коммуникативті, әлеуметтік, танымдық қызмет) Еңбек: Гербарий жасауға жапырақтар жинау. Мақсаты: Балаларға гербарий жасауды үйрету.	Саябақты бақылау Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында айту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативті, әлеуметтік қызмет) Еңбек: саябақтағы әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Мақсаты: Әр ағашты жапырағын ажырату үйрету. (еңбек әрекеті) Балалармен жеке жұмыс: Күз туралы білетін тақпақтарын айтқызу. (сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын: «Поезд» (дене қозғалысы)	«Тұманды бақылау» Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атау. Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру. Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастырту. Мақсаты: жапырақтан әртүрлі бейнелер құрастыра білуге тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) Балалармен жеке жұмыс: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату. (сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль» (дене қозғалысы) Еркін ойын	«Күзгі желдің бағытын бақылау» Мақсаты: Балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын, қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру. Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін арттыру Еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату. Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) Көркем сөз: Көк майса, көрікті Алқаптағы көк егін Бұл күндері киіпті Сары жібек көйлегін Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал, терек Жапырағын жұлғызып. (сөйлеуді дамыту)

	терек, Жапырағын жұлғызып. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Аңшылар» (дене қозғалысы) Еркін ойын	(еңбек әрекеті) Көркем әдебиет: «Күзгі жапырақтар» (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Қоян» (дене қозғалысы) Еркін ойын	Еркін ойын		көркем әдебиет, Қимылды ойын: «Аттар» (дене қозғалысы) Еркін ойын
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	ертегі кейіпкерлері құстарды бейнелеуге машықтандыру. Еремексазды қолдану дағдыларын пысықтау арқылы аққуды мүсіндеу, желімді	Құстардың күзгі және қысқы тіршілігі туралы түсінік беру. (қоршаған ортамен танысу) Құрылыс материалдарынан құстарға ұя жасау.	Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығы ның желісі бойынша бейнелер жасау. . (мүсіндеу) Құс қанат ойын таныстыру Құс қанат	Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қарлығаш ойын	геометриялық пішіндерді қиып балапан жапсыру, туашпен аққуды бояу(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Құстарға үйшік геометриялық пішіндерден жасау,салыстыру

	пайдалануды жетілдіру сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)	(құрастыру)	оюын жабыстыру (жапсыру). Бір тұтас тәрбие	жапсыру(жапсыру)Бір тұтас тәрбие Балалардың қалауы бойынша құстарға ұянын суретін салу немесе ермексаздан жасау (сурет салу, мүсіндеу)	(математика негіздері)
Балалармен жеке жұмыс	 тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру.	 сөйлеу қарқынын өзгерте білуге үйрету: баяу сөйлеу. -суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беруге үйрету	 сөздерде дауысты (а, э, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру.	 екі тең немесе тең емес заттар тобын салыстыра білу, бір топтағы заттарды екінші топтағы заттарға беттестіру және тұтастыру тәсілдерін пайдалануды үйрету.	 Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірінен", "бір де біреуі жоқ" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жылы киінуі туралы кеңес беру.	Құстар туралы не білетіндерін сұрауды ұсыну.	Қарлығаш әнін бірге орындауға кеңес беру.	Тауықтар мен балапандар ойынын үйде ойнауға ұсыну	Апта бойы не үйренгенін сұрау, әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2024 жыл 3 апта Орта «Құлыншақ» тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 14.10.2024ж	Сейсенбі 15.10.2024ж	Сәрсенбі 16.10.2024ж	Бейсенбі 17.10.2024ж	Жұма 18.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдыратып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	түрлі-түсті біркелкі дөңгелектер жасап, жіпке тізіп моншақ құрастыру. Желіммен, қайшымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. бір тұтас тәрбие	Балабақшадағы қауіпсіздік жайлы видеоролик көрсету, қауіпсіздік әрекеті	Күз табиғатын тауып көрсету. Ерекшеліктерін айтқызып пысықтау. Қоршаған ортамен танысу, экологиялық мәдениет	Бүгін көрген мультфильмі жайында әңгімелесу. Сюжеттерін сомдап ойнату (сөйлеуді дамыту) Коммуникативтік дағдылар	Қ/о «Үрпек төбет». Таңғы табиғатты тамашалау. Әлеуметтік дағдылар
Таңертеңгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран орындау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Сөйлеуді дамыту	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру Мүсіндеу	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыру	Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру Математика негіздері	Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну музыка

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолмен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру.	Музыка Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың сипатын игеру; әусімен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау;	Дене шынықтыру Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, жыланша еңбектеу, арасы алшақтанған заттар арасымен, еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру, еңгіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру;	Қазақ тілі Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.	Дене шынықтыру Сапқа бір-бірден тұру. шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).
	(сөйлеуді дамыту) Үй жануарлары және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын үйрету. Жануарлар туралы не білетінін, сурет бойынша әңгімелеу (математика негіздері) Топтағы жануарларды санау, көлемі бойынша салыстыру.	(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) «Мақта қызбен мысық» ертегісін айтып беру. Түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстау. (математика негіздері) Мысықты құрастыру үшін геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру.	(математика негіздері) Жануарлардың дене бөліктері қандай пішінге ұқсайды атау. Дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш пішіндерді тану және атау (музыка) Аю әнін айту	(сөйлеуді дамыту) «Менің сүйікті жануарым» тақырыбында әңгімелесу. зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану (сурет салу) «Ботакөз», «тышқан» ізі қазақ оюларының, элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру	(сөйлеуді дамыту) Үй жануарларының пайдасы. Олардың беретін өнімдері туралы ақпарат беру, балалардың ойларын тыңдау. (қоршаған ортамен танысу) Сүт өнімдерін зерттеу. Айран, сүт, құрт, йогурт, ірімшік және т.б. өнімдердің дәмін көру. Әр түрлі зерттеу әрекеттері. Сүттен айран жасау және т.б әрекеттер балалардың ұсынысы бойынша
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				

Серуен	«Қоңыр күзді бақылау, салыстыру» Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеріп, қопсыту. Мақсаты: ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.	«Күзгі құстардың тіршілігін бақылау» Мақсаты: Балаларға құстардың күзгі тіршілігін бақылату. Олардың іс-әрекеттері туралы әңгімелеу. Құстардың атын атап, еске сақтау қабілеттерін, тілдерін дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Құстарға жем беру. Мақсаты: құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i> Көркем сөз: С.Сейфуллиннің	«Солып қалған гүлдерді бақылау» Мақсаты: Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы түсінік беру. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</i> Еңбек: Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау. <i>(еңбек әрекеті)</i> Көркем сөз: Арасында гүлдің, Ойнап бүгін жүрдім. Қызыл, жасыл, сары, Әп-әдемі бәрі. <i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</i> Қим. ойын: «Қарғалар» Еркін ойын	«Алтын күзді бақылау» Мақсаты: Күз туралы білімдерін тиянақтау. Байланыстырып сөйлеулерін, тілін, көркемдік талғамдарын дамыту. Күз мезгілінің сұлулығын бағалап, көре білуге тәрбиелеу. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</i> Еңбек: Жапырақтар жинау. Мақсаты: еңбекке баулу. <i>(еңбек әрекеті)</i> Көркем сөз: «Алтын күз» Г.Қайырбеков Алтын, алтын, сары алтын Алтын күзде нұр жатыр Біз бақшаға баратын Алақай ау күн жақын Сары ала тон жамылған Күз атамыз секілді Қойны толы дәмді нан Тәттісі көп не түрлі. Қим. ойын: «Көжектер» Еркін ойын <i>(дене қозғалысы)</i>	Жаңбырды бақылау. Мақсаты: балалардың жаңбыр туралы түсінігін бекіту. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</i> Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау, көмек беру. Мақсаты: аула сыпырушының еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i> Көркем сөз: Жаңбыр жаумай тоқтай тұр Дабылыңды соқпай тұр Үйге жетіп алайын Тереземнен қарайын Моншағымды бір-бірлеп Үйде отырып санайын. <i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</i> Қимылды ойын. «Қоймадағы»
----------------------	--	---	---	---	---

	(еңбек әрекеті) Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қим. ойын: «Құстар мен мысық» Еркін ойын (дене қозғалысы)	«Бозторғай» өлеңін оқу. Міне торғай Үйін қорғай Жер бауырлап зырлайды Шырқап биік Күнге күйіп Қалмай, сайрап жырлайды. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қим. ойын: «Құстардың ұшып келуі» Еркін ойын (дене қозғалысы)	(дене қозғалысы)		тышқандар» Еркін ойын (дене қозғалысы)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Оз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Мысық әнін айту. «Торғай» тв. Видеосы Еркін ойындар	Футбол - берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату; (дене шынықтыру)	Ермексазбен еркін әрекеттер. (мүсіндеу) Еркін ойындар	«Үш торай» ертегісін оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалау (көркем әдебиет) Еркін ойындар	Ермексазбен еркін әрекеттер. (мүсіндеу) Еркін ойындар

Балалармен жеке жұмыс	Жануарлар туралы не білетінін балалардан сұрауын ұсыну.	Мысық туралы қосымша ақпарат беруді ұсыну	Ыстық елдердің жануарлары туралы балалаларға айтып беруін сұрау	Үш торай ертегісін сахналауды үйде қайталау.	Зерттеу арқылы не үйренгенін сұрауға кеңес беру.
Балалардың үйге қайтуы	Жануарлар туралы не білетінін балалардан сұрауын ұсыну.	Мысық туралы қосымша ақпарат беруді ұсыну	Ыстық елдердің жануарлары туралы балалаларға айтып беруін сұрау	Үш торай ертегісін сахналауды үйде қайталау.	Зерттеу арқылы не үйренгенін сұрауға кеңес беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2024 жыл 4апта Орта «Құлыншақ» тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.10.2024ж	Сейсенбі 22.10.2024ж	Сәрсенбі 23.10.2024ж	Бейсенбі 24.10.2024ж	Жұма 25.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Қоңілді күн әнімен қарсы алу	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдыратып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ою - өрнектер» құрастыру. Шарты: Төрт бөлікке бөлінген оюдан бүтіндей ою шығару керек. Ол үшін тапсырманы орындау керек. Бір тұтас тәрбие	Қазақтың ұлттық ыдысы торсықты көрсету, пайдасын айтып беру. Үлгіге қарап ермексаздан түрлі тәсілдерді қолданып мүсіндеуі және кескішті пайдаланып, ою-өрнекпен әшекейлеуді үйрету. Бір тұтас тәрбие	Менің Қазастаным тақпақтар жаттату, есте сақтау қабілеті мен сөйлеу тілін дамыту, бір тұтас тәрбие	Еліміздің рәміздері жайлы видеоролик көрсету, бір тұтас тәрбие	
Танертенгі жаттығу	Қазан айына арналған танертенгі жаттығулар кешені ((Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран орындау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Кітап қайдан келеді?» тақырыбында әңгімелесі. Бірлескен жоспарларды,	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттері бойынша әңгімелесу	Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру	

	мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. сөйлеуді дамыту	ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, суретті карточкалар).			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Допты бір-біріне беру, аяқты өзіне қарай тарту, доға тәрізді дөңгелектеп иу, Отырған, жатқан қалыпта екі аяқты созу, түрегеліп тұрған қалыптан солға, оңға, алға қарай еңкею. Отырып, аяқтың ішкі қырымен құм салынған қапшықты алу, екі аяғымен секіру.	Музыка Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	Дене шынықтыру Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.	Қазақ тілі Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру	
	Күзгі баққа серуен, бейнеролик қарау Күзгі бақпен таныстыру Қоршаған ортамен танысу Күзгі еңбек құралдарды түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап мүсіндеу. (мүсіндеу)	Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. «Кім жылдам» ойыны. Тәрбиеші сөз айтады. Балалар сөйлемге айналдырады. Мысалы – «Алма»- алма жедім немесе алма ол жеміс. (сөйлеуді дамыту)	«Жақсылық пен жамандық» мультфильмін тамашалау. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру (көркем әдебиет) Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салу (сурет салу).	Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру (математика негіздері) Сазбалшық ұстасына қонаққа бару. (немес фильм көру) Сазбалшықтан жасалатын құмыраны көру және жасау. (мүсіндеу)	

Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, кимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген кимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Ауа райын бақылау Сұрақтар: Балалар қазір қай мезгіл? Оны қайдан білдіңдер? Адамдар қалай киініп жүр? Далада ауа райы қандай? Мақсаты: балаларды күз мезгілімен таныстыру. Балаларды күз мезгілінде болатын өзгерістерді бақылауды үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. (Қоршаған ортамен таныстыру, Сөйлеуді дамыту)	Күн шуағын бақылау Сұрақтар: Балалар күнге назар аударындаршы.- Күн бізге не береді. Күн шуағының түсі қандай? Қандай геометриялық пішінге ұқсайды? Адам өмірінде, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінде күннің қандай маңызы бар? Күннің көзі бізге не үшін керек? Мақсаты: күн шуағы туралы мағлұматтарын кеңейту. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. (Сөйлеуді дамыту. Дене шынықтыру)	Желді бақылау Сұрақтар: - Балалар қазір қай мезгіл? - Оны қайдан білдіңдер? - Далада жел бар ма? Қандай жел соғып тұр? (жылы, салқын, суық, самал) Қай бағыттан соғып тұр? Мақсаты: балаларды жел күшін, бағытын анықтауға үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Көркем сөз Жұмбақ; Аяқсыз жетіп барады Қолсыз есік қағады (жел) Еркін ойын: «Тышқан мен мысық» Мақсаты: балалар ептілік, шапшаңдық танытады біледі. (Дене шынықтыру, Қоршаған ортамен таныстыру)	Күнді бақылау Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру; күннің қозғалысымен шығуын қадағалауды жалғастыру, күннің ұзаруымен жылынуы белгілеу күн ұзын, күннің көзі ұзақ тұрады, жоғары көтерілсе ыстық болып, онан сайын ысыды. Күннің төгілуі, ылғалдар - өсімдіктің толқынды өсуімен, күрт-құмырсқалардың, құстардың пайда болуымен байланысты орната білу. Жұмбақ: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ қарағысы келмейді. (Күн) (Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстырумен таныстыру)	

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын таңу дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	(сөйлеуді дамыту) Саусак ойындарын ұйымдастыру. Балаларға таныс "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, олардың қатысу ниеттерін дамыту. Таныс ертегі қойылымын жасату. (құрастыру, мүсіндеу, сурет салу) Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстары	(математика негіздері) Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру (көркем әдебиет) «Оп оңай! Еңбек бәрін жеңбек» тақырыбында фильм көру. Өз ойларын айтқызу. Топтағы тазалық жұмысын жоспарлап қатысу.	(математика негіздері) Топтағы гүлдерді санау, салыстыру, күтім жасау құралдарын салыстыру, санау (мүсіндеу, жапсыру) Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасау.	(жапсыру) Жапырақтармен композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру	
Балалармен жеке жұмыс	 сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ү) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру.	 құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша таңуды үйрету.	 бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш); шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру	 екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстыра білуді бекіту.	
Балалардың үйге қайтуы	Күзгі еңбек туралы әңгімелесуді ұсыну.	Анасының көмекшісі тақырыбында әңгімелесу. Баланың үйдегі өзіндік әрекетті жайлы сұхбат.	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау.	Сазбалшық туралы не білгенін сұрау	Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2024 жыл 5 апта Орта «Құлыншақ» тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 28.10.2024ж	Сейсенбі 29.10.2024ж	Сәрсенбі 30.10.2024ж	Бейсенбі 31.10.2024ж	Жұма 01.11.2024ж
Балаларды қабылдау	Әсем әуенмен қарсы алу	Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу	Смайлик арқылы қарсы алу	Достық тілегімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау	Баланың бойындағы өзгерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме	Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың қалай бейімделіп, не үйреніп жатқаны туралы әңгіме	Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дид ойын. Баспалдақпен түсіп-шыққанда, топта, топ алаңында бір-бірін итермеу жөнінде әңгімелесу. Коммуникативтік дағдылар	Дид ойын. «Орындықтарды жинастыр» Өз орындықтарын қою, еңбекке баулу Әлеуметтік дағдылар	Сергіту сәті. ойын. Көңілді әуенмен, олең шумақтарын қайталау Коммуникативтік дағдылар	«Өзім туралы» Өздері туралы айтып береді Коммуникативтік дағдылар	Дид ойын «Сикырлы күз». Күз мезгіліне табиғи материалдан тәрбиешінің көмегімен күздің көрмесін дайындау экологиялық тәрбие
Таңертеңгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ((Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран орындау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Дауысты(а,э,е,о,ұ)және кейбір дауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту Сөйлеуді дамыту	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру. Көркем әдебиет	Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу Математика негіздері	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлері мен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер ажырата білуге үйрету Құрастыру	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар, заттарды бейнелеуді үйрету Сурет салу

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: тура, шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату; Бірінің артынан бірі сапқа тұру Қимылды ойын: Қуыр-қуыр қуырмаш.	Музыка Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге, шығарманы соңына дейін тыңдауға үйренеді. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, бірге ән айтады. Әнді бірге бастап, бірге аяқтайды.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар: тура, шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру; Бірінің артынан бірі сапқа тұру Қимылды ойын: Сақина жасыру	Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: тура, шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату; құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру Қимылды ойын: Шыбыққа қалпақ кигізу
	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру. Дыбыстардың	Сөйлеуді дамыту Кітаптан «Шалқан» ертегісін оқып беру. Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою. Дауысты (а, э, е, о, ү) және кейбір дауыссыз (п, б, қ, т, д, ж, ш, с, з) дыбыстарды анық айтуын үйрету Шалқанның	Математика негіздері Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Топтағы заттардан фигураларға ұқсас келетіндерін табу. Кітаптардан сондай пішін барма қарап, тапқызу.	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру. Балалардың сөздік қорын ойындармен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, Балаларға бір бірден қораптан зат алдырту. Алмай жатып ол не екенін	Сөйлеуді дамыту Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету. Көркем әдебиет «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін кітаптан оқып беру. Кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттауды үйрету. Мүсіндеу

	артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту жаттығуларын жасату Жапсыру Дайын шалқанды ертегі желісі бейнеленген суретке орнын тауып жапсырту.	суретін салдырту. Сурет салу Балалардың таңдау бойынша қарындаш немесе қылқаламмен жұмысын жасату. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету.	Құрастыру Үшбұрыш фигурасын пайдаланып әр түрлі құрылымдарды ойdan шығарып құрастырту.	сипап сезу арқылы тапқызу. Құрастыру Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелерді, кірпіштерді ажырата білуге үйрету.	Үйректі ермексаздан жасату. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, кимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген кимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тапуды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Бақылау: «Тұманды бақылау» Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атау. Соның ішінде бүгінгі ауа райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Балалармен жеке жұмыс: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату. Қимылды ойындар:	Бақылау: «Күзгі саябаққа серуен» Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөліріп бақылау, әңгімелеу. Көңіл бөліріп бақылау, әңгімелеу. Еңбек: Саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету.	Бақылау: «Қайтқан құстарды бақылау» Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту. Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасау. Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар жасыру 1. Құйқылжытып дала күйін, Үй ішіне салары үйін (Қарлығаш) 2. Күндіз соқыр не деген? Түнде қандай	ау: «Өзге топ балаларының екеті» ты: Балалардың назарын әр балаларының іс – ісіне аудартып, балалардың ойнайтындарын, өздерін ұстайтындарын бақылау ы балаларды қырағылыққа, туга баулу. : Ауладағы ағаштардың ын, жапырақтарды жинау. армен жеке жұмыс: Жұмбақ у: нды бес құрдас	Бақылау: «Қоңыр күзді бақылау, салыстыру» Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру.

	«Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар» Мақсаты: Рөлдерде ойнай білуге үйрету. Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастыру.	Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ жаттату. «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк Алуан- алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық», «Аққу – қаздар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.	көреген (Үкі) 3. Еркін самғап ұшсын,- деп Мәңгелейміз, баптаймыз Бейбітшілік құсы, - деп Қайсы құсты мақтаймыз? (Көгершін) 4. Қыстағы ақ мамыққа, Жалғау жалға, жалықпа Сонда құс боп шығады Кәне, қай құс анықта (Қарға) Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық» Мақсаты: Ойын барысында бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.	болып еш тұрмас (Саусақ) біреу сі бесуе (Қолғап) ың сәні жоқ мәні (Киім) тең тұрдым алды қудым (Шалбар) ыды ойындар: «Жай жүгіріп Аюлар мен аралар» ы: Ойын ережесін бұзбай ға үйрету. Балаларды ілікке баулу. ышлыққа тәрбиелеу. ардың өз еріктерімен атын іс – әрекеттері.	Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату. «Күз» Қара бұлт қабағын түйді Бұталар боз қырау киенді, Осы ма, осы ма, күз деген Бақшаға баратын бізбенен Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» Мақсаты: Шапшаңдыққа баулу. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптардан дене мүшелері бейнеленген суреттер қарату. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды қолдарын үстелдің үстіне және астына қойып ойнату. (Математика негіздері) Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату. Кітаптың мүсінін ермексазdan жасату (Мүсіндеу) Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Кітап бетіне дайын пішіндерді жапсырып сәндеуді үйрету. (Жапсыру)	«Шалқан» ертегісін қайталап оқып беру, балалардың кітаптағы суреттерге қарап қайталап айтуын үйрету. (Көркем әдебиет) Балалардың көздерін байлап, қолдарына бір зат беру. Заттардың сапаларымен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру (Қоршаған ортамен таныстыру)	Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Өзара ойындарда сұрақтар қоюды. Кітаптар қарауды дамыту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Ұжымдық жұмыс. Жылы жаққа ұшып бара жатқан құстарды бір біреуден реттілікпен жапсырту. (Жапсыру) ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһазды таңдауы бойынша ерекше белгілерін бере отырып ермексазdan мүсіндету. (Мүсіндеу)	Көлденең жән етік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Кітаптарға қарап әр түрлі кейіпкердің (бауырсақ) бейнесін салу, мүсінін жасауды және жапсыруды үйрету. (Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)	Кілемшені сәндеу. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әр түрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайдаланған бейнені қағазға жапсыруды үйрету. (Жапсыру) Ұсқынсыз үйрекке ұя жасау. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. (Құрастыру)
---	---	---	--	--	---

Балалармен жеке жұмыс	 тең және тең емес заттар тобын салыстырып ажыратуды машықтандыру.	 бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету.	 өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру.	 тұратын қаласы мен ауылы туралы айтуды үйрету.	 тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылығын үйрету.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшадағы кітаптары туралы әңгімелесу.	Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру.	Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, назалығы және денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.	Сәтті демалыс тілеу